

Әр азамат қара басын ғана емес, еліне, жұртына, азаматтық борышты адалдықпен атқаруды көздеуі тиіс. Халық алдындағы борыш-парызды адалдықпен орындау – адамның рухани жетілгендігінің, ерлік кемеліне келгендігінің белгісі.

Осындай ойлар әйгілі тарихшы, ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының негізгі арқауы болып табылады.

Ынтымақ, адалдық, әділдік

Дулати

шығармаларының негізгі мәні

Халықтың рухани құндылықтардың бірі – ар-намыс екенін жақсы ұққан Мұхаммед Хайдар Дулати, өз іс-әрекеті үшін өзінің моральдік жауапкершілігін түсініп, сезініп, әділетті болуға ұмтылады. Жалпы ойшыл, өз шығармасында адамның адами қадір-қасиетін, бітімін, оның жеке тұлға ретіндегі рухани-мінезділік бағасын, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуын қарастырады. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасындағы тіршілік философиясының күре тамыры адам мәселесі қойылып, оның гуманистік мәні жоғары көтеріліп, адам құмырын қызықты да бақытты, салмақты да баянды етуге әрекет жасалады. Ал өмірдің өзінде адамға лайықты етіп, ұйымдастыру принципін қояды. Бұл принцип достық-жолдастық, ағайын-туыстық, сыйластық-ынтымақтастық, басқа да ұғымдар шеңберінде қарастырды. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының айқындайтын тағы бір тұстары – ол тұтастық пен бірлікті, ішкі ынтымақтастық пен азаматтық татулықты, адалдық пен әділдікті дәріптейтін қуаты. Сондықтан да ынтымақ, адалдық, әділдік Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» шығармасында адамдарды екі топқа бөле отырып, «*бірінші топ адамдары қолдаған даналық, екінші топ адамдары үшін жаза болып табылады*» дей отырып, «*Құдай өзі қалаған адамды есепсіз жарылқайды, ал егер адам қатал жауыздыққа бет алса, онда ол адамдардың нешесіне қарғыс таңбасы салынады, бұл іс-әрекеттердің бәрі иманға байланысты*» деп жазған. Оның пікірінше иман жүректің мақұлдауы, ғайыпқа иман келтіру болып табылады.

**А.ӨСЕРБАЙ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
аға оқытушысы,
Г.ТОҚТАРОВА,
магистр оқытушы**